

8D05303 – «Жылуфизика және теориялық жылуутехника» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Булкаирова Гульден Айтбаевнаның «Электрогидравликалық әдіспен өнделген табиғи шикізаттың жылуфизикалық қасиеттерін зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ПКІРІ

Қазақстан Республикасы табиғи минералдарға өте бай мемлекет. Қазіргі кезде біздің елімізде табиғи кварц минералын өндеп, өндірісте қолдану аса қызығушылықты тудыратын, әрі жаңадан зерттеліп келе жатқан пайдалы қазбалар өте көп. Геологиялық зерттеулер көрсеткендегі, біздің елемезде ең ірі кварц минерал қорлары бар. Осының барлығы, әртүрлі салалардағы кварц ұнтағына әлемдік сұранысты қанағаттандыруға мүмкіндік береді және кен орындарында минерал өндіру мен байыруды жедел ұйымдастыру қажет етеді. Сондықтан қазіргі заманғы өнеркәсіптің дамуына негіз болып табылатын металл емес кварц материалдарын тұтынудың артуы өндіру көлемін ұлғайтуды және пайдалы қазбаларды байыруды талап етеді.

Таңдалған тақырыптың өзектілігі кварц ұнтағы құрамды материалдарды қолдану процесінде олардың жылуфизикалық қасиеттерінің жеткіліксіз зерттелген мәселесіне байланысты. Әр түрлі талаптарға жауап беретін жаңа материалдар дайындау қазіргі заманғы техниканың көптеген салаларының жетістіктерін анықтайды. Бұл жылуфизикалық қасиеттері жақсартылған әртүрлі композициялық материалдарды өндіруге және қолдануға қызығушылықтың артуын түсіндіреді.

Әртүрлі мақсатта қолданылатын заманауи жылу оқшаулағыш материалдарды пайдалану арқылы ғимараттардың энергия үнемділігін арттыру маңыздылығын айқындайды.

Құрылым материалдарын өндірудегі перспективалық бағыт шикізаттың кең таралған, белгілі және дәстүрлі емес түрлері негізінде құрылымдық және жылу оқшаулағыш құрылым материалдарының арасында аралық қасиеттері бар жоғары сапалы, бәсекеге қабілетті өнімдерді өндірудің принципті жаңа технологияларын әзірлеу болып табылады. Бұл энергия бағасының өсуіне және ғимараттар мен құрылыштардың сапасына қойылатын талаптардың артуына, сондай-ақ құрылым құнының төмендеуіне байланысты.

Құрылымста жоғары сұранысқа ие материалдардың бірі – кварц. Одан бетон және цемент ерітінділері дайындалады, әртүрлі, сонымен қатар дренаждық жүйелер жасалады. Құрғак құрылым қоспаларын өндіру үшін кварцтың ұсақ фракциялары қолданылады. Олар бетонды қалпына келтіруде, пештер мен каминдердің төсөу үшін, еден төсеништері үшін жабдықтарды, қаржылардың салынуда да қолданылады.

Диссертациялық жұмыста электрогидравликалық әдістің көмегімен өнделген кварц ұнтағы құрамды материалдан әр түрлі үлгілер дайындалып, жылуфизикалық қасиеттеріне зерттеу жұмыстары жүргізілген.

Минералды шикізатты электрогидравликалық әдіспен өндеу дәстүрлі түрде силикат материалдарын өндіруде негізгі шикізат компоненті ретінде, құрылыштың әртүрлі салаларында құрылымдық, жылу оқшаулағыш және әрлеу материалдары ретінде қолданылады.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеу тақырыбын толығымен айқындауды; оның мақсаттары мен міндеттері, қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар, нәтижелер мен тұжырымдар бір-бірімен келісілген және диссертация тақырыбына сәйкес келеді.

Зерттеу нәтижелері энергетикалық және минералды ресурстарды тиімді пайдалану үшін экологиялық таза технологияның бірі - электрогидравликалық әдіспен өнделген шикізатты қолдана отырып, құрылышқа тиімді материал жасауға мүмкіндік береді.

Диссертация тақырыбы бойынша ғылыми зерттеулер 2022-2024 жылдарға арналған КР Білім және ғылым министрлігінің гранттық қаржыландыру ғылыми-зерттеу жобасының «Минералды шикізатты, өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды өндеудің жоғары тиімді технологиясы» жоспары аясында орындалған.

Диссертациядағы материалды ұсыну стилі ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Диссертацияның барлық бөлімдері логикалық түсінікті бөлімдерге бөлінген. Диссертациялық жұмыс өте жоғары деңгейде орындалды және аяқталған ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады.

«Электрогидравликалық әдіспен өнделген табиғи шикізаттың жылуфизикалық қасиеттерін зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс СР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны ұамтамасыз ету комитетінің PhD диссертацияларын дайындау талаптарына сәйкес орындалған, ал оның авторы 8D05303 – «Жылуфизика және теориялық жылутехника» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Рецензент:

Ш. Уәлиханов атындағы Қекшетау
университетінің «Математика,
физика және информатика»
кафедрасының профессоры, PhD,
қауымдастырылған профессор

Н.Н. Шуюшбаева

2025ж. « ____ »



Рецензенттің Шуюшбаева Н.Н. қолын раставмын:
Кадр қызметінің басшысының/маманының қолы

